**Автор**: Шалкарбаева Гулжайнар Кайруллина
**Пән**: Математика
**Сынып**: 6-сынып
**Бөлім**: Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер және олардың жүйелері
**Тақырып**: Есептер шығару

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 6.2.2.15 $\|x\|>a, \|x\|\geq a, \|x\|<a, \|x\|\leq a$ теңсіздіктер түрінде берілген нүктелер жиынын координаталық түзуде кескіндеу. |
| Сабақтың мақсаты: | Оқушылар: - санның модулі мен оның қасиеттерін біледі; - айнымалысы модульдің ішінде берілген жай теңдеулерді шешу әдістерін біледі; айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктерді шешудің тиімді тәсілдерін қолданады; $\|x\|>a, \|x\|\geq a, \|x\|<a, \|x\|\leq a$ теңсіздіктер түрінде берілген нүктелер жиынын координаталық түзуде кескіндейді; теңсіздіктердің шешімдерін сан аралығы арқылы және берілген сан аралығын теңсіздік түрінде жазады. |
| Тілдік мақсаттар: | Оқушылар: - бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктерді шешу алгоритмін түсіндіреді. Пәнге қатысты лексика мен терминология: - теңсіздік; - қатаң теңсіздік; - қатаң емес теңсіздік; - теңсіздіктерді шешу; - сызықтық теңсіздік. |
| Күтілетін нәтиже: | айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктерді шешудің тиімді тәсілдерін қолдана алады; $\|x\|>a, \|x\|\geq a, \|x\|<a, \|x\|\leq a$ теңсіздіктер түрінде берілген нүктелер жиынын координаталық түзуде кескіндей алады; теңсіздіктердің шешімдерін сан аралығы арқылы және берілген сан аралығын теңсіздік түрінде жаза алады. |
| Бағалау критерийлері: | айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктерді шешудің тиімді тәсілдерін қолдана алады; $\|x\|>a, \|x\|\geq a, \|x\|<a, \|x\|\leq a$ теңсіздіктер түрінде берілген нүктелер жиынын координаталық түзуде кескіндей алады; теңсіздіктердің шешімдерін сан аралығы арқылы және берілген сан аралығын теңсіздік түрінде жаза алады. |
| Құндылықтарды дарыту: | Топтық және жұппенжұмысжасатаотырыпоқушылардаөзарасыйластық, сенімділік,қарым-қатынастықалыптастыру |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | слайд |
| Пәнаралық байланыс: | Қазақ әдебиет |
| Бастапқы білім: | Шамаларды салыстыра алу; теңдеулерді шешу дағдылары; сандық түзумен жұмыс жасау дағдылары. |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы | Ұйымдастыру кезеңі. Оқушыларды жинақтау, оқу құралдарын түгендеу. Амандасу. Ынтымақтастық ортаны қалыптастыру. Психологиялық ахуал: «Сіздің көңіл күйіңіз қандай?» Мақсаты: оқушылар көңіл күйін білу. 1а) Интерпритация Қызыл-қуанышты көңіл күй, Алқызыл-ұнамды көңіл күй, Сары-жағымды көңіл күй, Көк-суық көңіл күй, Қоңыр-киналған көңіл күй, Күлгін-алаңдаушы көңіл күй, Қара-күш қуаттың төмендеуі, Ақ-анықталмаған көңіл күй. | |
| Сабақтың ортасы | Топтықжұмыс «Алтын балыққа арналған аквариум» әдісі Оқушыларға жасырын суреттер таратылады, кімге балық түссе, сол алтын балық болады, оқушы алтын балықтың маскасын киіп, ортаға шығады. Басқа оқушылар оған сұрақтар қояды. Егер жауап бере алмаса топ мүшелері көмектесуіне болады. Басқа топ мүшелеріне де ойын осылай жалғасады. | |

| Сабаққезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың соңы | Топтық жұмыс. 1; 3 топ А деңгейі Теңсіздіктерді шешіңіздер, шешімін координаталық түзуде кескіндеңдер: а) $\lvert x\rvert>5$; б) $\lvert x\rvert<7$; В деңгейі Теңсіздіктерді шешіңдер және оның шешімдері болатын бүтін сандар жиынын жазыңдар: а) $\lvert 4x+1\rvert<7$; б) $\lvert 2x+3\rvert\leq 4$; С деңгейі Қос теңсіздіктерді шешіңіздер: а) $2<\lvert x+1\rvert<5$; б) $1,7\leq\lvert 3-x\rvert<4$; в) $2,3\leq\lvert x-4\rvert<6$; 2; 4 топ | |
| Рефлексия | Рефлексия. «Анкета» әдісі. Оқушыларға кішігірім анкета ұсынылады,ол өзгертуге болатындай толықтырылып отырылады, яғни сабақтың қандай ерекше элементтеріне көңіл аудару керектігін белгілейді.Оқушылардан өздерінің жауаптарын дәлелдеп беруін сұрауға болады. 1. Мен сабақта жұмыс... жасадым 2.Менің сабақта жасаған жұмысыма 3. Сабақ маған 4. Мен сабақта 5. Менің көңіл-күйім 6. Сабақтың материалы маған 7. Үй жұмысы маған белсенді / неғұрайлы Көңілім толды / толмады ұзақ / қысқа немесе тез шаршамадым / шаршадым жақсарды / төмендеді түсінікті / түсініксіз пайдалы / пайдасыз Қызықты / қызықсыз жеңіл / күрделі қызықты / қызықсыз | |